



Бекітемін

Б.Момышұлы атындағы жалпы білім
білім беретін мектеп директоры

А.Т. Абдуалиева А.Т. Абдуалиева

№1 хаттама 2022ж.

Педагогикалық
кеңес шешімі бойынша

«Балқаш қаласы Б.Момышұлы
атындағы жалпы білім беретін мектебі»
коммуналдық мемлекеттік мекемесінің
2022-2023 оқу жылына арналған
оқу-тәрбие жұмысының жоспары

Мазмұны

1. Мектеп қызметін талдау.....	2-17
2. Жалпыға міндетті білім беру мекемесінде негізгі және орта білім беруге бағытталған іс-әрекеттерді ұйымдастыру.....	18-20
3. Әдістемелік жұмысты ұйымдастыру.....	21-28
4. «Жас маман мектебі» жас мамандармен жүргізілетін жұмыс жоспары.....	29-30
5. Мұғалімдердің кәсіби біліктілігін арттыру, курстық даярлауды жоспарлау, өз бетінше білім алуын ұйымдастыру.....	31-32
6. Дарынды балалармен жұмыс.....	33-36
7. АКТ-ның жұмыс жоспары.....	37-39
8. Тәрбие жұмысының жоспары.....	40-52
9. Мектепшілік бақылау.....	53-74
10. Педагогикалық кеңес.....	75-77
11. Директор жанындағы жиналыс.....	78-81
12. Әдістемелік кеңес отырысының жоспары.....	82-87
13. Әлеуметтік ұстаздың жоспары.....	88-96
14. Мектептің материалдық базасын арттыру жоспары.....	97-98
15. Психологтің жұмыс жоспары.....	99-103

Мектеп қызметін талдау

Б.Момышұлы атындағы жалпы білім беретін мектебінің 2021-2022 оқу жылының қорытынды есебі Педагог мамандармен қамтамасыз етілуі

Барлық педагог мамандар саны -71			
	Білімі, санаты бойынша		%
1	Жоғары	58	81,6%
2	Арнайы орта	13	18,3%
3	Жоғары біліктілік санатты	7	9%
4	I біліктілік санатты	4	5%
5	II біліктілік санатты	1	1%
6	Педагог-зерттеуші	8	11%
7	Педагог-сарапшы	18	25%
8	Педагог-модератор	13	18%
9	Санаты жоқ	20	28%

Білім сапасының салыстырмалы көрсеткіштері

Мектептің жалпы білім сапасы	I тоқсан	II тоқсан	III тоқсан	IV тоқсан	жылдық
2021-2022 оқу жылы	43,7%	46,4%	49,5%	54,3%	52,3%
2022-2023 оқу жылы	42,3%	45,7%	51,4 %	50,2%	51,3%

Білім процесінің табыстылығын, педагогтардың кәсіби құзырлығы мен әдістемелік дайындығы мұғалімдердің біліктілік арттыру курсынан өтуі перспективалық жоспарға сәйкес жүргізілсе, проблемалық курстарға кәсіби қажеттілігіне сай жіберіліп отырады. Сонымен бірге педагог қызметкерлер мен оларға теңестірілген тұлғаларды аттестаттау перспективалық жоспарға сай өтіп тұрады. Мұғалімдердің курстардан өтуінде өсу динамикасы байқалады.

Дегенмен, проблемалық курстар мен жаңаша білім беру курстарынан өту деңгейі жеткіліксіз деп есептейміз. Себебі, сұранысқа байланысты мұғалімдердің біліктілікті арттыру бойынша курсқа жіберу талабына байланысты болды. 2020-2021 оқу жылында 22 % пайызды көрсетсе, 2022-2023 оқу жылында 16%-ды құрады. Алдағы оқу жылында осы бағыттағы жұмыс деңгейін мониторингілеу және диагностикалау жүйесін жетілдіру жоспарланып отыр.

Кәсіби біліктілігін көтеру курстары


№	Бағыты	2020-2021ж	2021-2022ж
1	Математика, информатика, физика пәндер бірлестігі	2	3
2	Гуманитарлық және қоғамдық пәндер бірлестігі	6	3
3	Жаратылыстану бағытындағы пәндер бірлестігі	1	1
4	Шет тілдер пәндер бірлестігі	1	0
5	Бастауыш сынып пәндерінің бірлестігі	5	5
6	Эстетикалық пәндер бірлестігі	1	0

Педагогтардың шығармашылық әлеуетін жетілдіру, дамытуда мұғалімдер мен оқушылардың бірлескен ізденушілік, зерттеушілік, ғылыми байланысын орнату, мектебіміздегі тәжірибелі мұғалімдердің озық тәжірибесін жинақтау мақсатында кәсіби сайыстар, ғылыми –практикалық конференциялар мен семинарларға қатысқан, сонымен бірге он-лайн режимдегі облыстық деңгейде өткізілген сабақтардың жақсы жетістіктері мынандай:

Онлайн-оффлайн режимінде және қалалық, облыстық, республикалық деңгейде жүргізілген сабақтар, конференциялар, семинарлар


Әдістемелік бірлестік	семинар	конференция	нәтижесі
Математика, информатика, физика пәндер бірлестігі	2	4	3-сертификат
Гуманитарлық және қоғамдық пәндер бірлестігі	2	6	3-сертификат, 4-диплом
Жаратылыстану бағытындағы пәндер бірлестігі	1	2	2-сертификат
Шет тілдер пәндер бірлестігі	1	2	2-сертификат
Бастауыш сынып пәндерінің бірлестігі	5	2	2-сертификат, 4-диплом
Эстетикалық пәндер бірлестігі	1	3	3-диплом, 1-сертификат

2021-2022 оқу жылындағы білім сапасы туралы мәлімет



Байқаулар, олимпиадалар, ғылыми жобалар

2021-2022 оқу жылының қорытындысы бойынша педагог мамандардың кәсіби байқауларға, семинар, конференцияға қатысуы біршама өсті. Қорытындысы төмендегі диаграммадан көруге болады:



Мектепте 2 жас маман бар. (Бексултанова Б.М., Копиев Ш.Н) Мектебімізде жас мамандар мектебі жұмыс жасайды. Әрбір жас маманға тәлімгерлер бекітіліп берілді. Жоспар бойынша сабақтарға қатысып, әдістемелік кеңестер алып отырады.

Әрбір жас маман педагогикалық идеялар папкасын жинақтайды. Онда өздеріне әдіскер, тәлімгер тарапынан, өздерінің іздеулері бойынша қажетті нұсқаулықтар, сабақ жоспарларының үлгілері, жазылған кеңестер т.б. жинақтайды. Жас мамандар да мектепшілік 4- ашық сабақтар өткізіп, 7-түрлі шараларға қатысып, өздерін жақсы көрсете алды. Мұғалімдер өздеріне айтылған пікірлерді дұрыс қабылдайды. Жіберген қателерімен жұмыс жасауға тырысады. Ақыл-кеңес сұрап отырады. Тәжірибелі мамандардың сабақтарына көбірек қатысуға кеңестер берілді.

Серіктес мектептер арасында желілік қоғамдастық орнаған. 2021-2022 оқу жылына арналған жұмыс жоспары бойынша, бекітілген коучинг, семинар, зерттеу сабақтары өткізілді. Мұғалімдермен іс- тәжірибесімен алмасу мақсатында өздерінің табысты зертеулері және өзгерістерімен тәжірибе алмасты.

2021-2022 оқу жылының деңгейлік мұғалімдердің жұмыстарын қорытындылау мақсатында, «Әл-Фараби атындағы жалпы білім беретін мектебі КММ» мектебі «БІЛІМ.ТӘЖІРИБЕ.ШЕБЕРЛІК» тақырыбында форум өткізді. Бұл форумда мектеп мұғалімдері белгіленгін секциялар бойынша өздерінің рефлексивтік есептерін қорғап, сертификаттармен марапатталды. Форумның өту барысы магниттік мектеп мұғалімдері үшін өзара тәжірибе алмасуда, жаңа оқу жылына белгілі бір айқын мақсаттар айқындауына маңызы зор болды.

2019-2020 оқу жылынан бастап ЖББ №8 мектебінде инклюзивті білім беру ұйымдастырылды. Психикалық дамуы тежелген, сөйлеу тілінде ауыр бұзылыстары бар, ақыл-ой дамуы кешеуілдеген, есту қабілеттерінде бұзылыстары бар ерекше білімді қажет ететін 8 оқушы оқиды.

Үйде оқитын 1 оқушы.

Жылдар	ЕБҚЕ оқушы саны
2019-2020	4 оқушы
2020-2021	6 оқушы
2021-2022	8 оқушы

Осы балаларды жалпы білім беретін мектептің пән мұғалімдері мен психологиялық-педагогикалық қолдау көрсету мақсатында мектептің даму бағдарламасына инклюзивтік білім беруді дамыту бойынша тараулар еңгізілді. Сонымен қатар Білім және Ғылым Министрлігінің әдістемелік ұсынымдарына және мектептің Ережесіне сәйкес мектепте балаларды психологиялық-педагогикалық қолдау көрсетіледі. Оның құрамында сәйкес білімі бар:

1 әлеуметтік педагог (1 жүктеме),

2 психолог (1 жүктеме),

1 логопед(0,5 жүктеме),

1 дефектолог(0,5 жүктеме) жұмыс жасайды.

ПМПК-нің қорытындысына сәйкес бұл оқушыларға логопед –Тастанбекова Г.Д., дефектолог –Жакупбекова Г.Д., психолог – Бейсова А., мамандарымен жұмыс қажет екенін анықталып, осы кадрлармен жұмыс жоспары ұйымдастырылды.

Қолдау мамандары оқуда қиындықтары бар балаларды анықтауға диагностикалық жұмыс жүргізіп, оқушыларды қадағалау мақсатында жеке жоспарға сәйкес сабақтан тыс уақытта түзету-дамыту сабақтарын ұйымдастырады.

Ерекше білімді қажет ететін оқушылармен арнайы мамандармен бекітілген кестемен жоспар бойынша жұмыс жүргізеді оқушылардың диагнозына байланысты оқу жоспарлары анықталып, сабақ кестесі құрылып, бекітілді. Жоғарыда аталған оқушылармен жеке диагностикалық жұмыстар өткізу үшін кесте құрылды. Әр оқушымен аптасына бір рет диагностикалық сабақтар жүргізіледі.

Пән мұғалімдері күнделікті сабақтарында ерекше білімді қажет ететін оқушыларға шығармашылықпен жұмыс істеуіне әдіс-тәсілдерді тиімді пайдалана отырып жеке тапсырмалар әзірлейді. Оқушылардың қабілетіне қарай бағалайды. Ерекше білімді қажет ететін оқушылардың ата-аналарымен мамандардың және сынып жетекшілердің қатысуымен «Ата-аналарға кеңес», тақырыбында ата-аналар жиналысы, жеке әңгімелесу ұйымдастырылды. Инклюзивті білім беру жағдайында балаларды оқыту бойынша мектепке дейінгі және жалпы орта білім педагогтарының біліктілігін арттыру курстарынан 53 мұғалім өтті. Бұл көркекіші мұғалімдердің 73%-ын құрайды.

Дефектолог, логопед, мамандары оқу жылы аяғында қайта зерттеу жұмыстарын жүргізу кезінде логопед, дефектолог, мамандардың диагностикалық зерттеу қорытындысы бойынша 1-оқушы инклюзивті тобынан шығуы мүмкін. Маманның жұмыстарының нәтижесінде айтуынша ЕБҚЕ оқушының тіл дамуы жетілді, мәтіндерді мәнерлеп оқиды,қысқаша мазмұндап айта алады, есте сақтау қабілеті, зейіні жақсарған. Логопед маманның айтуынша тіл-кемістігі жойылды, логопедиялық даму қалпына келген. Бұл екі жылдық жұмыстарының нәтижесі.

Ұсыныс:

1. Мектептің даму міндеттерін практикаға іске асыру.
2. Жас мамандардың біліктілікті арттыру жүйесін құру.
3. Келесі оқу жылында ЕБҚЕ оқушылар анықталып жатса, мамандармен зерттеу жұмыстарын жүргізу;
4. Сынып жетекшілер, пән мұғалімдері оқушыларды облыстық, қалалық, мектепшілік, іс-шараларға қатыстыруын ұйымдастыру.

Дарынды оқушылармен жасалған жұмыстар

Дарынды балалармен жұмыс жүйесі ҚР-ның дарынды балалармен жұмысты ұйымдастыруда және жүргізуде басшылыққа алынатын нормативтік құжаттар негізінде жүзеге асырылады.

2021-2022 оқу жылы бойынша –98 дарынды бала анықталып, дарынды балаларды даралау 2 бағыт бойынша бөлінді.

- 1 Интеллектуалдық бағыт
- 2.Шығармашылық бағыт

I.Интеллектуалдық бағыт:(пәндік олимпиада)

I.Пәндік олимпиада

2021-2022 оқу жылы ЖББ№8 орта мектебіндегі жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық олимпиада қорытындысы:
(мектепшілік және қалалық)

1.Қазан және қараша айында 5-6 және 8-11 оқушыларына арналған жалпы білім беретін пәндер бойынша Республикалық олимпиаданың I (мектепшілік) өткізілді.

5-6 сыныптар бойынша:

23 қазанында 5-6 сынып оқушылар арасында Республикалық олимпиаданың мектепшілік кезеңі онлайн түрінде өтті.

А) 5сыныптан 16 оқушы

Б) 6-сыныптан 16 оқушы қатысты.

Қалалық кезеңге жаратылыстану бағыты бойынша 8 оқушы іріктеліп өтті.

Жаратылыстану пәні бойынша:

1.Бегендік Алихан-1орын.пән мұғалімі Мырзабаева Г.М.

2.Жаңабек Қайратбек-2орын. пән мұғалімі Мырзабаева Г.М

3.Оралбек Алмас-1орын.пән мұғалімі Мұхаметжан Г.С.

4.Иргебаев Мирас-1орын.пән мұғалімі Мустафина С.А.

5.Бекзатова Кәусар-2орын пән мұғалімі Мустафина С.А.

Математика пәні бойынша:

1.Нышан Дарина-3 орын.Пән мұғ: Тишбекова Г.Т.

Облыстық кезеңге жаратылыстану пәні бойынша 6-сынып оқушысы Бегендік Алихан Зорынға ие болды.

Қорытынды:

Жүлделі орын -боқушы.Барлығы 43%

5сынып-45%

6сынып-25%

2. 8-9-11сыныптар бойынша:

18-19 қараша айында мектепшілік олимпиада өткізілді.

Қатысқаны 85 оқушы.

1жаратылыстану бағыты бойынша31 оқушы.

2.Гуманитарлық бағыт бойынша-29 оқушы қатысты.

Қалалық 19 оқушы қатысып,8 оқушы –жүлделі орынға ие болды.

Жаратылыстану бағыты бойынша 8/4 оқушы-50%

Гуманитарлық бағыт бойынша:11/5 оқушы-40%

Орташа көрсеткіш:42%

Облыстық олимпиадаға 1оқушы қатысып, 3орын алды. Жалпы 100%

Орташа есеппен –10жүлделі орын, жалпы – 52%

9-11 сынып бойынша пәндік олимпиаданың салыстырмалы кестесі

Пәндік олимпиада	2019-2020	Орны	%	2020-2021	Орын	%	2021-2022	Орын	%
Мектеп	110	49	49	60	55	91	56	36	
Қала	19	9	47	27	10	37	19	8	42
Облыс	2	2	100	3	1	33	1	1	100

2019-2020 және 2021-2022 оқу жылдарында, өсу

байқалады, пәндік олимпиада қорытындысы бойынша жоғары деңгейді көрсетті.

2019-2020 оқу жылында 2оқушы қатысып, облыстық олимпиададан физика пәнінен 1оқушы қазақ тілі пәнінен 1 оқушы қатысып, 2 оқушыда жүлделі 3 орын алды.

2021-2022 оқу жылында облыстық олимпиадаға физика пәнінен 1оқушы қатысып жүлделі 3 орынға ие болды. Пән мұғалімі: Қанат Д.К

3. 4-6. сыныптар арасында өткен «GIEVER-2021» олимпиадасы:

GIEVER-2021» облыстық олимпиадасында 4-6 сыныптар бойынша қалалық кезеңінің нәтижесі бойынша 4 оқушы жүлделі орынға ие болды.

Облыстық деңгейге орыс тілі пәнінен Амандық Аңсаған қатысып 3-орынға ие болды. Пән мұғалімі: Ажгулова Г.Т.

4.7-8 сыныптар арасында өткен Республикалық жасөспірімдер арасында өткен (Юнорский) пәндер олимпиадасының қалалық кезеңінің қорытындысы бойынша: Биология пәнінен Серікбол Адель 3-орын.

Пән мұғалімі: Мырзабаева Г.М.

5.10- сыныптар арасында өткен «Алтын түлек» математикалық олимпиадасының қалалық кезеңінің қорытындысы бойынша Каменова Назерке 3-орын. Пән мұғалімі: Тишбекова Гулнара Тишбековна.

6. Сакен Сейфулин атындағы қазақ тілі мен әдебиет пәні бойынша I қалалық олимпиаданың қорытындысы бойынша 11 сынып оқушысы Балтабекова Жұлдыз. Пән мұғалімі: Жұмабаева Мираш Каримханова және 3-орын иегері 10-сынып оқушысы Касенов Алина пән мұғалімі Айтқұлова Гулшара Серікқызы.

Сертификат иегерлері:

II. Шығармашылық бағыт б/ша; Дарынды оқушыларымызды шығармашылық потенциясын дамытуда ғылыми жоба жаздыру негізгі жұмыстардың бірі.

Жоба оқушылардың жан-жақты дамуына жағдай жасауға, мұғалімдердің оқушыларды шығармашылықпен нәтижелі айналысуына дайындауына бағыттайды. Осыған орай, жыл сайын «Ғылымның алғашқы баспалдақтары» атты оқушылардың ғылыми-практикалық конференциясы жоспар бойынша өткізілді.

Мектепшілік өткен конференцияға 21 оқушы қатысты. Қалалық кезеңге 17 оқушы қатысты.

Нәтижесінде облыстық «Сарыарқа дарыны» - ғылыми жобалар сайысына - 3оқушы, *Кіші Ғылыми Академия (МАН - 5* оқушы және «Зерде» республикалық жобалар сайысына 12 оқушы қатысады.

2021-2022 оқу жылының қорытындысы бойынша төмендегідей нәтижелерге қол жеткіздік:

- 1.Отаным-менің бастамам» атты республикалық жобалар байқауының облыстық кезеңінен 2орын ,республикалық кезеңнен 1 орын иегері-10 сынып оқушысы Мүкәрам Инабат марапатталады. Жетекшісі:Алпысбаева Анаркул Саяжановна
- 2.Облыстық «WRO-2022»роботатехника жобалар сайысының облыстық кезеңінде 1орын иегерлері-4 оқушы. Жетекшілері Оспанов Жанболат Айтбекович және Копиев Шыңғыс Нұрланұлы
- 3 .Сарыарқа Дарыны Республикалық ғылыми жобалар сайысының облыстық кезеңінен 1орын физика пәнінен Таңатова Аяулым 11сынып оқушысы.
Жет:Қанат Даркен Каменовна
- 2 орын тарих пәнінен Зубайрин Беғазы 9-сынып оқушысы.
Жет:Жакупова Зауреш Мұхсиновна
- 3.Алғыс хат биология пәнінен Алимхан Ерсің 9-сынып оқушысы Жет.Мырзабаева Гулдария Мухитбекқызы .
- 4.Қазақстан патриотарын өсіреміз» атты 1 облыстық ғылыми -практикалық конференцияда 1,2 жүлделі орындарға иеленді.
- 1.Мұқан Әміре 3 орын. Жет.Ерменбетов Т.Е
- 2.Шаймурзаұлы Нұрасыл 1орын.Жет:Оспанов Ж.А.

Ғылыми жобалардың 3 жылдық қорытынды сараптамасы

№	Жобаларға қатысу	2018-2019	%	2019-2020	%	2021-2022	%
1	мектепшілік	19/17	89	18/12	66	27/21	77
2	қалалық	14/7	50	12/8	66	21/17	80
3	облыстық	5/2	40	8/4	50	6/3	50
4	республикалық	2/1	50	2/1	50	2/1	66

Оқушылардың 2021-2022 оқу жылында Республикалық,облыстық,ғылыми жобалармен айналысу деңгейі өткен оқу жылдарымен салыстырғанда ,

Зерде 2-7сыныптар, ЖЗШҒА-ның 5-7 сыныптар және 8-11 сыныптар арасындағы жобалар сайысына сапалық көрсеткіші артты,қатысуы өсуде интеллектуальдық сайыстарға қатысып, жүлделі орындарға ие болды.

Зияткерлік сайыстарға қатысудың жоғарлауы төменгі сынып оқушылардың қабілет бағытын дұрыс анықтау және ата-аналармен бірлескен жұмыс түрлерін жанданғанын байқауға болады. Оқушылардың дайындық жұмыстары жүйелі түрде, оқушының жас ерекшелігіне сай біртіндеп күрделендіріліп отыруы, жоғары жетістіктерге жетуімізге арқау болды.

Жалпы 2021-2022 оқу жылындағы жұмысты сараптай келе төмендегідей кемшіліктер анықталды:

- * Олимпиадаға дайындаудың әліде жүйеліліктің толық қалыптаспауы.
- * Мектеп алды даярлық, бастауыш сынып буындарымен жүйелі байланыстың болмауы, резерв дайындамау.
- * Оқушылардың табиғи талабын дамыту үшін жағдай жасауда педагогтар мен ата – аналар ынтымақтастығының орындалмауы
- * Оқушының пәнді дұрыс таңдауына көңіл бөлінбегендігі
- * Пән бойынша олимпиада тапсырмалар базасының аздығы

**Олимпиада тапсырмаларын орындауда мұғалімдерің қиындықтарға тап болуы, теориялық білімінің төмендігі.*

Төмендегідей кемшіліктерді 2022-2023 оқу жылында шешу жолдары

**Дарынды балалармен жұмыс істеуге арналған бағдарламаларды жасау, жетілдіру;*

**Олимпиада резертерін дайындау. әр пән бойынша олимпиада тапсырмаларын жинақтауға база құру;*

**Кеңейтілген, тереңдетілген тапсырмалар базасын дайындау, құру;*

**Пәндерді таңдауда, практикумдарды, жеке кеңес беруді енгізу, пән апталықтарында үнемі олимпиадалар ұйымдастыру.*

**Білім сапасын көтеруде мұғалімге, ата-анаға, оқушыға талапты және бақылауды күшейту; ата-анамен тығыз жұмыс жасау;*

**Әр пән мұғалімі жыл басынан, 3-4, 5 сыныптардан бастап өзінің жеке олимпиадалық командасын құру, резерв оқушыларын анықтау, олармен жыл бойы дайындық жұмыстарын жүргізу;*

** Олимпиада мазмұнын зерттеу, оза оқыту технологиясын пайдалану. Басқа мектептердің олимпиадаға дайындығымен тәжірибе алмасу қажет.*

Ақпараттық коммуникативтік технологиялармен жүргізілген жұмыс

Жылдық жоспар бойынша-тәжірибе алмасу мектептегі компьютерлік техникалардың бағдарламалық қамтамасыз етілуі, дұрыс жұмыс істеуі тұрақты мектеп бағдарламалаушысы болмағандықтан, толықтай директордың ақпараттық ісі жөніндегі орынбасарының бақылауында болды. 2021 – 2022 оқу жылында мектептің барлық оқу кабинеттеріне локальды желі жүйелі жұмыс жасап, әр кабинеттердегі компьютерлер толығымен интернет желісімен қамтамасыз етілген.

«Bilimal.kz» ақпараттық кеңістігіндегі «Электронды журнал» жобасы толық жұмыс істеп, тиімді қолданылды. «Білімал» ЭЖ толтырылуы бойынша жүйелі түрде ай сайын бақылау жүргізіліп отырды. «Білімал» ЭЖ балл қою мерзіміне арнайы шектеу қойылуы себепті, оқу пәндері бойынша журналды аштыруға сұраныстар беріліп отырды.

«Білімал» электронды жобасымен жұмыс барысында түйткілді мәселелер де туындап отырды:

- Карантинге байланысты аптасына 1 рет болатын пәндердің 1, 2 тоқсаннан кейін 2 жартыжылдыққа ауыспауы;
- Төтенше жағдайға байланысты 3 тоқсанның соңғы аптасындағы сабақтарын 4 тоқсанға ауысуы;
- Бір отбасындағы бірнеше балалардың ата – аналары бір логинмен балаларының бағаларын көре алмауы;
- Журналды жүктеу барысында оқушылардың факультатив пен үйірмеге қатысу туралы ақпараттар көрінбеді;
- Бастауыш сыныптардың табелдерінде жылдық деген баған жоқ;

Жоғарыдағы туындаған мәселелер бойынша «Білімал» қолдау қызметіне сұраныс жіберіліп, телефон арқылы қалпына келтірілуде.

ҰББДБ (НОБД) жүйесіне толықтырулар мен өзгерістер жүйелі түрде қолға алынып, бұл жүйе «non stop» режимімен жұмыс жасай отырып, күнделікті өзгертулер дер уақытында жасалып отырылды.

Оқушылар пайдаланатын компьютерлеге интернетті қауіпсіз пайдалану үшін жағымсыз сайттарға кіруге тосқауыл қойылып, бұл жүйе үнемі бақылауда тұрады. Ата-аналарға, оқушыларға интернеттің қауіпті болуы, және одан сақтану жолдары жыл басында және жыл ортасында ата – аналар жиналысында, лездемеде айтылып, ақпараттық парақшалар таратылды. Сәуір айында қауіпсіз интернет онкүндігі өтіп, оқушылар осы тақырып бойынша эссе, шығармалар жазып, сурет көрмесі жасалып, лездемеде бейнеролик көрсетілді. Мектептің веб-сайтына қауіпсіз интернет бойынша ақпараттар енгізілді. Веб – сайтқа мектепте күнделікті болып жатқан жаңалықтар жүйелі түрде жарияланып тұрды.

Мектептің жеке facebook парақшасына, youtube арнасындағы мектептің каналына, инстаграмм ресми парақшаларына мәліметтер енгізіліп, жұмыстар өз ретін жалғастыруда.

Мектеп мұғалімдерінің сабақта ақпараттық технологияларды қолдана отырып оқу – тәрбие процессінің барлық деңгейін жетілдіру, жас мамандардың сәтті бейімделуіне, электронды журналды дұрыс жүргізуге көмек беру мақсатында «Электронды журналмен жұмыс», «АКТ – ны сабақта қолдану жолдары», «Сандық білім ресурстарын сабақ үрдісінде тиімді пайдалану» бағыттары бойынша әр айдың үшінші сенбі күндері мұғалімдерге арналған мектепшілік вебинарлар өткізілсе, мектеп ұстаздары қашықтықтан білім берудегі тиімді әдіс – тәсілдермен, сандық білім берудің тиімді тұстары жайлы өз іс – тәжірибелерімен тұрақты түрде бөлісіп отырды:

Деңгей	Саны
Облыстық	3
Қалалық	5
Мектепшілік	4

Оқушылардың әлеуметтік желілерге кіруіне сараптама жасалып, мектептің әлеуметтік педагогы мен мектеп психологының тарапынан қалалық білім бөліміне ақпараттар беріліп отырды (интегро сайты бойынша).

Дәстүрлі қалалық пән олимпиадасынан информатика пәні бойынша 11- сынып оқушысы Бильдемирова Аяжан II орынға ие болды.

Қалалық пән олимпиадасы	2020 – 2021 оқу жылы			2021-2022 оқу жылы		
Қатысқан оқушылар саны	2			1		
Орындар көрсеткіші	I	II	III	I	II	III
	1	0	0	0	1	0

«Робототехника» факультативтік курсына Оспанов Ж.А. жетекшілік еттеді және «Болашақ инженерлер» мектебіміздің информатика пәні мұғалімі Копиев Шыңғыс жетекшілік етеді.

Аталған курстарға байланысты 2021 – 2022 оқу жылында жетістіктер, алға жылжу да болды, мұғалімдер өз деңгейінде дайындықтары мен жұмыстарын жүргізіп өзіндік бәсекеге қабілетін көрсете алды, яғни өзіндік даму білімін жетілдіру жеткілікті болды.

Кемшіліктер:

1. Оқушылармен қосымша жұмыс жүргізудің жеткіліксіздігі, қалалық, облыстық, республикалық деңгейдегі сайыстар, олимпиадаларға қатысу деңгейінің төмендігі;
2. Информатика пәні мұғалімдерінің өзіндік, теориялық білімін жетілдіру жеткіліксіздігі салдарынан сайыстар мен олимпиадаларға қатысу деңгейінің төмендігі;
3. Робототехника, STEM беру бағытына оқушыларды тарту деңгейінің аздығы.
4. Ғылыми жоба, авторлық бағдарламаның жоқтығы.

Ұсыныстар:

Өткен жылдың кемшіліктерін ескере келе төмендегідей ұсыныстар беріледі:

1. Қалалық білім бөлімі тарапынан ұсынылған мониторингтің нәтижесінде информатика пәні бойынша мұғалімдердің қалалық, облыстық, республикалық деңгейдегі сайыстар, олимпиадалар, семинар, вебинар, курстарға қатысу деңгейінің төмендігі байқалады. Алдағы оқу жылында осы бағыт бойынша жұмысты жүйелі түрде жандандыру;
2. Мұғалімдердің үш жылдық өзіндік білім көтеру жоспарын бекіттіріп, жүйелі түрде жұмыс жасауына бақылу және басшылық жасау;
3. Оқушыларды сайыстарға дайындау бойынша жұмыс жоспарын бекіттіріп, жүйелі түрде жұмыс жасауына бақылу және басшылық жасау;
4. Мұғалімдерден СБР тиімді және ұтымды қолданып жұмыс жасауын талап ету;
5. Пән мұғалімдерінің облыстық, қалалық онлайн сабақтар өткізуін ұйымдастыру;
6. Болашақ инженерлер және робототехника курстары, STEM интеллектуальды іс - тәжірибелер ұйымдастыру, қатысатын оқушылар санын 2 – 3 есе арттыру;
7. STEM, робототехника бағыттары бойынша тоқсан сайын мектепшілік байқауларды жүйелі ұйымдастыру;

Тәрбие бағытында атқарылған шаралар

Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтар тұтас педагогикалық процестің өзегі бола отыра, тәрбие жұмысының барлық 8 бағыттары арқылы өтеді.

1. Қазақстандық патриотизм және азаматтық тәрбие, құқықтық тәрбие
2. Рухани-адамгершілік тәрбие
3. Ұлттық тәрбие
4. Отбасы тәрбиесі
5. Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие
6. Көпмәдениетті және көркем-эстетикалық тәрбие
7. Зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениет тәрбиесі
8. Дене тәрбиесі, салауатты өмір салты

Тәрбиенің мақсаттары мен тәрбие жұмысының міндеттері білім беру процесінде, сабақтан тыс және бос уақытта іске асырылады.

Тәрбие жұмысының жоспарында әр айда бірнеше бағыт қамтылды және бекітілген жоспар бойынша іс-шаралар өткізіліп отырды.

Оқу жылының басында атқарған жұмыстарға талдау арқылы жаңа оқу жылына міндеттер айқындалды, ұйымдастыру шаралары іске асты, сынып жетекшілер тағайындалды, оқушылардың және ата-аналардың әлеуметтік жағдайы туралы мәліметтер жиналды, тәрбие жоспарының бағыттары белгіленді, сынып бөлмелері бекітіліп, белгіленді. Сонымен қатар тәрбие шараларына бақылау-басшылық жасау іске асты. Оның ішінде сынып жетекшілердің тәрбие жоспарлары тексерілді, бекітірілді. Оқу жылының басында 38 сыныпқа сынып жетекшілері тағайындалған. Сынып жетекшілері жыл басында бекітілген тәрбие жоспарымен жұмыс жүргізеді. Жыл басында сынып жетекшілеріне лауазымдық нұсқаулық таныстырылады.

Сынып жетекшілердің әдістемелік бірлестігі бар, жұмыс жоспары жасалған, мақсат, міндеттері көрсетілген. Алайда бірлестіктің және жалпы тәрбие саласының проблемалық немесе ізденіс тақырыбын нақтылап, тақырып аясында жұмыстарды дамыту қажет.

Қазіргі таңда мектебімізде 790 бала тәрбиеленіп, білім алуда. Оның ішінде жалғыз басты аналарының тәрбиесінде – 93, әкесінің тәрбиесінде 10 бала, қамқорлықтағы бала -6 оқушы бар.

Әкелердің бала тәрбиесіндегі ролін арттыру, мектеппен байланысын нығайту, бала тәрбиесіне қатысты сұрақтарды шешу, тәрбие жұмысын жандандыруға көмек беру мақсатында «Бәйтерек» әкелер кеңесі жұмыс жасайды.

Әкелер кеңесі мүшелері сынып сағаттарына қатысты, әкелер мен мектеп оқушылары, ұстаздары арасында спорттық шаралар ұйымдастырылды, мектеп инспекторы, сынып жетекшілермен біріге отырып рейдке шықты. Құқықбұзушылықтың алдын алуда оқушылармен әңгіме жүргізуде, әкелер жиналысы мен жалпы ата-аналар жиналысына қатысып, оқушыларға патриоттық, құқықтық тәрбие беруде зор ықпал жасады. Осы уақытқа дейін атқарылып келген іс-шараларға қатысқан әкелер саны алдыңғы оқу жылына қарағанда бірнешеге артып, әкелер тарапынан мектеп өміріне, қоғамдық шараларға қатысу қызығушылықтары мен белсенділіктері 20%-ға артты. 28 мамыр күні Балалар жылы аясында «Өмірлік дағдылар» атты қалалық ата-аналар форумына мектебімізден 4 әке қатысып ата-аналар арасында ашық диалог үшін жағдай жасалып, түрлі тренингтерге белсене қатысты. Форум соңында мектебімізден бірқатар ата-аналар:

Әкелер	кеңесінің	төрағасы:	Марат	Кадирович	Джуматаев,
қамқоршылық	кеңесінің	төрайымы:	Арайлым	Аскатовна	Тлеуберлина,
жалпы	ата-аналар	кеңесінің	төрайымы:	Назима	Хизаттоллақызы
аналар	кеңесінің	төрайымы:	Бигзат	Отарханқызы	Шаймерден

бала тәрбиесіне үлкен жауапкершілік танытып, білім саласына қосқан үлесі үшін Балқаш қаласы әкімінің орынбасары С. Жақсылықованың алғыс хатымен марапатталды.

Соңғы екі жылдағы тәрбие жұмысының көрсеткіштері

Жылдар	Құқық бұзушылық саны		Үйірмеге қатысатын оқушылар саны		Мектептен тыс іс-шараларға қатысу нәтижесі
	Мектеп ішілік	Қалалық	мектепішілік	Мектептен тыс	
2019-2020	3	2	482	368	69
2020-2021	5	4	512	388	102
2021-2022	5	3	123	487	107

Сыныптар арасындағы рейтингтік бағалау тиімділігін көрсететіні байқалды. Сынып оқушыларының арасында көрсетілген бағалау көрсеткіштері бойынша бәсекелестікті күшейтеді. Бұл бәсекелестік олардың білім сапасымен қатар, тәрбие ісіндегі қабілеттерін арттырады.

«100 кітап» жобасы аясында мектеп оқушыларының кітап оқуға деген қызығушылығын арттыру, көркем әдебиетті оқу арқылы рухани және адамгершілік әлеуетін арттыру мақсатында 10 минуттық кітап оқу, қалалық кітапханаларға саяхат жасау, кітап көрмелерін таныстыру, сонымен қатар оқушылар арасында түрлі жобалар ұйымдастырылып өткізілді. Бұл жоба аясында кітап оқушы балалардың саны бірнеше есеге өсіп, бір-біріне еліктеп, қызығушылықпен қарап, кітап оқуды сүйетін оқырман балалар қатарын 30%-ға көбейтті. «Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыру және өскелең ұрпақты қазақстандық патриотизм рухында тәрбиелеу мақсатында, «Жас Сарбаз» сыныптарының қатысуымен әр түрлі сайыстарға да қатысу жалғасып келеді.

Мектебіміздің Жас сарбаздары Қарағанды облысының басқа да мектептерімен байланысып, ҰОС - ның батырларын еске алып мәңгілік алау маңына сенбіліктер ұйымдастырып, челленджге қатысты.

2021 жылдың қараша айында онлайн форматында өткізілген "Айбын-2021" әскери-патриоттық жастар жиынының республикалық кезеңіне мектебіміздің «Жас Сарбаз» командасы қатысты. Онлайн-форматтағы «Айбын» VII Республикалық әскери-патриоттық жастар жиынында «Жас сарбаз-жас тілшісі» жас тілшілер медиа-байқауы бойынша Үздік көрінгені үшін Жас сарбаз Сахабаев Бексултан алғыс хатпен және барлық айбындықтарды белсенділік танытқаны үшін мадақтама қағазымен марапатталды.

Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігіне 30 жыл толуына орай, «Сарыарқа дарыны» аймақтық ғылыми-практикалық орталығының ұйымдастыруымен өткізілген «Сарбаз сахнасы» әскери-патриоттық байқауының «Тәуелсіздік толғауы» номинациясы бойынша көркем сөз оқу байқауына 8Ә сынып сарбазы Нұрланұлы Ислам жүлделі 1- орынға ие болды. «Елім менің» ән айту номинациясы бойынша 8Ә сынып сарбазы Нұрланұлы Ислам «Жаным қазақ» әнін орындап, оқып, жүлделі 1- орынға ие болды. «Тарихи тұлғалар» номинациялары бойынша мектеп командасы бас жүлдеге ие болды.

Мектебіміз 2022 жылдың Наурыз айында Балқаш қаласының 85 жылдығына, Ұлы Жеңістің 77-жылдығына Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінің 30 жылдығына арналған «ҰЛАН» қалалық әскери-спорттық ойынында жүлделі I орынмен, «АЛАУ» қалалық әскери-спорттық ойынында жүлделі III орынмен марапатталды. 4-6 мамыр аралығында өткен Республикалық «Жас Ұлан» әскери-спорттық ойынның финалында квиз-викторина номинациясы бойынша жүлделі III орын иеленді. Жас сарбаздардың қалалық, облыстық сайыстарда орын алмау себебі: балалардың физикалық, әскери дайындықтарының аздығында. Жетекшілер уақытылы дайындықтар жүргізіп, берген нәтижелерінен сараптама жасап, келесі жаттығуда соны түзету жолдарын ескеріп, өте жақсы нәтижеге бағытталғанға дейін дайындықтар жүргізу керек.

Қыз балаларды адамгершілікке, инабаттылыққа тәрбиелеу, өмірге деген көзқарастарын мағыналы түрде аша білуге және аналардың қыздар тәрбиесіндегі белсенділігін арттыру мақсатында қыздармен «Қоршаған ортадағы жүріс-тұрысты қалыптастыру», «Қызға 40 үйден тыю» т.б тақырыптарында жыл бойына 5 кездесу өткізілді. Кездесу барысында оқушы қыз балалар мен ұстаздар арасында заманауи жасөспірім қыздар мен ересек адамдардың арасында пікірталас орын алды. Оқушы қыздар өздерінің заманауи стильде киініп жүрулері, боянуы туралы өз пікірлерін білдірді. Жиналыс соңында әлеуметтік ұстаз сөз алып бұл мектептің тәртіп ережелеріне қайшы екендігін және тәртіп болмаса білімде болмайтындығын, ең алдымен инабаттылықты, қысқа кимеуді, шаш боямауды ата-әжелеріміз бойымызға сіңірген қазақи тәрбиені ұмытпауын назарларына салды.

Мамыр айының басында 8-9- сынып қыздарымен кездесу өткізіліп, кездесуде қыз балалар этикасы мен гигиеналық тазалығы туралы қыз балалардың тәрбиесі жайында сөз қозғады. Жиналысқа СПИД ортадығының қызметкері эпидемиологиялық дәрігер Батырбекова Айгүл Абдоллаевна, мектеп медбикесі Сатбекова Мақпал Қалиасқарқызы және

психолог Абдуалиева Замза Нұрғазиевна қатысты. Тәрбие жұмыстарын, ата-аналар жиналыстары мен оқуларын жиі жүргізу қарастырылып, әр дүйсенбі күні әр сыныпта 1- сағатты тәрбие сағатына арнап отырмыз. Сол сияқты мектеп оқушыларына қауіпсіздік шараларын жиі ұйымдастыру көзделіп отырды.

Мектепте наурыз айында ашық есік күні өткізіліп, оқушылар НЗМ мектептерінің тәжірибесін тарату мақсатында өткізіліп жүрген «Қоғамға қызмет ету» сияқты әлеуметтік жобамен бөлісті.

Бүгінгі таңда мектебімізде оқушының дене тәрбиесімен айналысуына, салауатты өмір салтын ұстануына бағытталған іс-шаралар атқарылып келеді. Мектеп оқушыларының арасында ұлттық ойындар да насихатталып, үнемі тоғызқұмалақ ойыны, қазақша күрес жарысы және асық ойындары өткізіліп отырды. Мектеп оқушылары Асық ойнау сайысынан қалалық кезеңде 2-3-ші жүлделі орынға ие болса, Тоғызқұмалақ ойынында 1-2-ші жүлделі орындарға ие болды. Тоғызқұмалақ ойыны бойынша «Айбын» жиынында да 51 команда ішінде 9-шы орынға ие болды. Мектеп оқушылары Балқаш қаласының шахматтан командалық чемпионатында 3-ші орынға ие болды.

Оқу жылының 1-ші жартыжылдығында Бауыржан Момышұлының

111-жылдығына арнап спорттық жарыстар, ғылыми конференциялар тағы басқа ауқымды шаралар ұйымдастырылып өткізілді. «Мәңгі тірі-Бауыржан» тақырыбындағы дөңгелек үстелге мектеп серіктестері, ардагер ұстаз, мектеп оқушылары мен ұстаздары қатыстырылды.

Тәуелсіздіктің 30 жылдығына арналған бірқатар шаралар өткізілді. Мектеп ұстаздары мен оқушылары шараларға белсене қатысты.

Мектебімізде Ауған соғысының аяқталғанына 33 жыл және Ауған соғысының ардагері, "Қара майор" Керимбаев Борис Тукенович атындағы сыйлыққа қала мектептерінің арасында қашықтықтан әскери-спорттық сайысы өткізілді. Сайыс осы соғысқа қатысып ерліктің үлгісін көрсеткен, өз өмірін құрбан етіп осы соғыста қаза болған ағаларымызды ұмытпай жадымызда сақтау мақсатында ұйымдастырылды. Әскери-спорттық сайысқа бірнеше жылдан бері әлеуметтік серіктес болып отырған, Алматы қаласы Ауғанстан соғысы ардагерлері мен мүгедектері Үйлестіру Кеңесі төрағасының орынбасары, Хамзин Байкал Ерсұлтанұлы, қаламыздағы «Боевое братство» ұйымының төрағасы Мухамедиев Бауыржан Мейірханұлы қатысты.

2021-2022 оқу жылында «Өркен» дебат клубының мақсаты: заман талабының сұранысына санасы жететін, адами құндылықты жанына серік еткен, айналасына сын көзбен қарап, қоғамдық өмірге белсене араласатын жастардың жаңа буынын қалыптастыру. Осы мақсатқа жету жолында оқушыларымыз қарқынды жұмыстар атқаруда. ҚР Тәуелсіздігінің 30жылдығына арналған мектеп оқушылары арасында қалалық пікірсайыс турнирінде мектебіміздің «Өркен» дебат клубының қатысушылары жүлделі ІІ орынды, ҚР Тұңғыш Президент күні және Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігінің 30жылдығына арналған SANA дебат клубының ұйымдастыруымен өткен қалалық пікірсайыс турнирінде жүлделі ІІ орынды, «2022 жыл Балалар жылы» аясында «Ел болашағы –жалынды жастар» атты оқушылар арасындағы аймақтық пікірсайысында, Балалар финалында жүлделі ІІІ орынмен, «Қоңырат CUP VI Ерекше MIX 2022» атты оқушылар мен студенттер арасындағы пікірсайыс турнирінде ерекше белсенділік көрсеткен 8В сынып оқушысы Қожамберді Аруна сертификатпен марапатталды.

Балалар жылы аясында ұйымдастырылған «Өнерлі жас өңір мақтанышы» атты 5-6 сыныптар арасында талантты балалардың облыстық слетінің қалалық кезеңінде мектебіміздің «Ұлы дала қырандары» тобы жүлделі ІІ орынға ие болды.

Көркемдік жетекшілердің кемшіліктері:

- Конкурстарға қатысу деңгейінің төмендігі;
- Жаңаша форматтағы идеяларды енгізуді ескермеулері.

Сынып жетекшілердің әр оқушыны зерттеп, ата-анамен, қоғамдық ұйымдармен жұмыс істеу сапасын жақсарту жұмыстары алға қойылды.

Оқушылардың ата-аналарымен және оқушылармен құқық бұзушылықтың алдын-алу кеңесі жоспарланып, жоспар бойынша оқушылардың тәртіптері қаралып отырды. Оқушылардың күнделікті сабаққа қатысуы қадағаланып отырды. Оқушылар қоғамдық жұмыстарға тартылып, марапатталды.

Қалалық есепте 1оқушы: Низамов Рүстем

Мектепішілік есепке 2оқушы алынған.Олар: Өмірсерік Ұлағат, Низамов Рүстем

Ұсыныстар:

1. Оқушылардың бос уақытын тиімді ұйымдастыру мақсатында мектепішілік, қалалық үйірмелерге қатыстыру көлемін арттыру, нәтижеге бағыттау;
2. Тұлғаның өзін-өзі іс жүзінде көрсетуі мен ары қарай дамуына ықпал етуде, балалардың танымдық қызығушылығын қалыптастыруда сынып жетекшінің жұмысының сапасын арттыру, «Жас Ұлан» ұйымының жұмысын жандандыру;
3. Жас сарбаз сыныптарындағы физикалық, әскери дайындықтарды күшейтіп, республикалық, облыстық іс-шараларға, сайыстарға белсене қатысып, жүлделі орындарды иелену;
4. Мектеп Парламентінің жұмысында жаңа формаларды пайдалану.

5. SWOT талдауы

Күшті жақтары	Әлсіз жақтары
<p>-Білім сапасының соңғы екі жылда өсуі (50,3%, 51,5%.);</p> <p>-Іс-тәжірибе алмасу саласындағы жаңашылдық (2 республикалық байқау, 2 облыстық семинарда іс-тәжірибе тараттық);</p> <p>-Бәсекеге қабілетті заманауи оқу техникалық жабдықтармен қамтылуы;</p> <p>-СБР-ның қолжетімді болуы;</p> <p>- Оқушылардың зиянды заттарды қолданбайтындығы;</p> <p>- Патриоттық бағыттағы жұмыстың жүйеге қойылығандығы;</p> <p>- «Жас Сарбаз» сыныптары мен ата-ана арасында байланыстың жақсы жолға қойылғаны;</p> <p>-Зияткерлік ойындарға қатысу және сапаның өсуі;</p> <p>-Оқушылардың ғылыми жобаларға қатысу мониторингісі және сапалық көрсеткіші артты.</p>	<p>-Білім беру арасындағы сабақтастықтың әлсіздігі;</p> <p>-Оқыту кезінде бөлінетін пәндер үшін кабинеттердің жетіспеушілігі;</p> <p>- Білікті ІТ мамандарының жетіспеушіліктері;</p> <p>-Үздік оқушылармен жұмыста резервтегі оқушылармен, «Үлгерімі төмен» оқушылармен жұмыс жүйелі болмауы;</p> <p>-Олимпиадалық резервтермен жұмыстың әлсіздігі, жүйеленбеуі;</p> <p>-Қалалық олимпиада бойынша гуманитарлық бағытындағы олимпиада көрсеткішінің төмендегі;</p> <p>-Мектеп алды даярлық, бастауыш сынып буындарымен жүйелі байланыстың болмауы, резерв дайындамау;</p> <p>- Оқушылардың бос уақытын дұрыс пайдаланбауы.</p>
Мүмкіндіктер	Қауіпті жақтары

<p>-Ұстаздардың және жас мамандардың тәжірибесін шыңдау мақсатында қалалық, облыстық кәсіби байқауларға, үздік тәжірибе алмасуда, облыстық деңгейде семинарлар, вебинарлар, онлайн- сабақтар өткізуге мүмкіндігіміз бар;</p> <p>- Біліктілігін арттыру курстары арқылы (біліктілікті арттыру, қашықтықтан оқыту, жаңартылған білім, робототехника т.б курстар);</p> <p>-Үй жұмысын тексеру және сынып статистикасын құру;</p> <p>-Жаңа технологияларды игеру мүмкіндігі;</p> <p>- компьютерлік техниканы ұтым-ды пайдалана отырып, үздіксіз білім беру принциптерін ойдағыдай іске асырылуы;</p> <p>-ЖОО-нан оқушыларды облыстық, республикалық пәндік олимпиадаларға сапалы дайындай алатын жаңа форматты педагогтарды қайта даярлайтын мамандарды тарту;</p> <p>-Дарынды оқушылардың, үздік оқушылардың волонтерлік қызметін ұйымдастыру арқылы білім сапасын көтеру;</p> <p>-Атаулы сыйақы иегерлерінің атында пәндік олимпиадалар ұйымдастыру;</p> <p>-Педагогикалық үрдіс бойынша тәрбиелеуде жаңа әдіс-тәсілдерді пайдалану;</p> <p>- Сабақтан тыс уақытта балалардың бос уақытын тиімді ұйымдастыру;</p> <p>- Әлеуметтік серіктестердің қолдауы</p> <p>-Мектеп Парламентінің жұмысын жандандыру.</p>	<p>-Мұғалімнің кәсіби біліктілігінің өзіндік теориялық білімін көтермелеудің жеткіліксіздігі;</p> <p>-Робототехника, STEM білім беру бағытына оқушыларды тарту деңгейінің аздығы;</p> <p>-Интернет арқылы берілетін жағымсыз ақпараттан оқушыларға келетін қауіп-қатерлер;</p> <p>-ЖОО бітіріп келген мамандардың жаңа жүйедегі жұмысқа тез бейімделмеуі;</p> <p>-Мүмкіндігі шектеулі балалардың және мүгедек балалардың жыл сайын санының артуы;</p> <p>- «Жас Сарбаз» сыныптарында білім сапасының және физикалық дайындық сапасының төмендігі;</p> <p>- Мұғалімнің талабы мен оқушының тәртібі арақатынасының салдарынан түсінбеушілік қалыптасуы;</p> <p>- Әлеуметтік желілер салдарынан отбасылық тәрбиенің төмендеуі.</p>
--	---

**Жалпыға міндетті білім беру мекемесінде негізгі және орта білім беруге бағытталған іс-әрекеттерді ұйымдастыру
Б.Момышұлы атындағы жалпы білім беретін мектебінің
2022 – 2023 оқу жылындағы қоңырау кестесі**

1-11 сыныптар

I ауысым			II ауысым		
№	Сабақ уақыты	Үзіліс	№	Сабақ уақыты	Үзіліс
1	8.00 – 8.40	5 минут	1	14.00-14.40	15 минут
2	8.45 – 9.25	15 минут	2	14.55-15.35	15 минут
3	9.40 – 10.20	15 минут	3	15.50-16.30	5 минут
4	10.35 – 11.15	5 минут	4	16.35-17.15	5 минут
5	11.20 – 12.00	5 минут	5	17.20-18.00	5 минут
6	12.05 – 12.45	5 минут	6	18.05-18.45	5 минут
7	12.50 – 13.30		7	18.50-19.30	

Мектепалды даярлық тобының қоңырау кестесі

I ауысым			II ауысым		
№	Сабақ уақыты	Үзіліс	№	Сабақ уақыты	Үзіліс
1	9.00-9.25	10 минут	1	13.30-13.55	10 минут
2	9.35-10.00	20 минут	2	14.05-14.30	20 минут
3	10.20-10.45	10 минут	3	14.50-15.15	10 минут
4	10.55-11.20		4	15.25-15.50	
Динамикалық үзіліс		11.20-12.00	Динамикалық үзіліс		15.50-16.30
Вариативтік сабақ		12.00-12.25	Вариативтік сабақ		16.30-16.55

2022-2023 оқу жылы сыныптардың орналасуы

01.09.2021

I АУЫСЫМ				II АУЫСЫМ		
Сынып жетекшісі	Сыныбы	Сыныптағы оқушы саны	Кабинет №, атауы	Сынып жетекшісі	Сыныбы	Сыныптағы оқушы саны
1 ҚАБАТ						
Алғадаева П.Б.	0А	21		Жанбосынова А.М.	0Ә	19
	1	21			1	19
2 ҚАБАТ						
Толеу А.	2А	25	№21 бастауыш	Кузембаева М.С.	4Ә	24
Ахаева А.	4Б	21	№22 даярлық	Нұрділда А	2В	22
Кенжебай Ж.Ә.	1А	25	№23 бастауыш	Рыскулова С.К.	3Ә	23
Алпысбаева А.С.	4В	21	№24 бастауыш	Динахметова Г.	2Ә	24
Бакирова А.	4А	20	№25 бастауыш	Моншақбаева А	2Б	24
Карабаева Ф.М.	1Ә	25	№26 бастауыш	Тлеуберлина Г.Б.	3Б	23
Нурмағамбетова Д.	1Б	24	№27 бастауыш	Рысқұл Ә.Қ.	2А	22
			№28 мультимедия			
Еримбетов Т	7Ә	16	№29 информатика			
3 ҚАБАТ						
Бигазина Г.К.	11Ә	18	№31 математика	Шабленова М.Б.	5А	24
Жұмаш М.М.	8Б	17	№32 орыс тілі	Ахмет А	5Б	19
Минуарова А.	3Ә	26	№33 өзін өзі тану	Дакарим А	8Ә	15

Айтқұлова Г.С.	10А	24	№34 қазақ тілі	Абдуалиева З	7А	18
Скакова Л	8В	17	№35 тарих	Бакирова Г.М.	7В	24
Манаева А	8А	18	№36 география	Бакишева А.М.	6Б	17
			№37 технология			
Бигельдина З.С.	9Б	24	№38 ағылшын тілі	Ершаева Ж	6А	17
Қыбырат С	9А	24	№39 математика	Аманжолова К	5В	24
4 ҚАБАТ						
Мустапаева Ж.Т.	9А	21	№41 химия			
			№42 STEM лаборотория			
Жумабаева М.К.	11А	18	№43 қазақ тілі			
			№44 IT class			
Сатиев М	6Ә	24	№45 АӘД	Кошкинбаев А	5Ә	16
Отарбаев А	9Ә	19	№46 биология			
			Музей			
			Кітапхана			
	14	283			11	210
Ауысымдағы сынып, оқушы саны	21+2	444+4 1		Ауысымдағы сынып, оқушы саны	18+1	372+19

Барлығы – 39 сынып
Оқушы саны – 816 оқушы
Мектепалды даярлық сыныптары – 40 бала

Мектептің ғылыми-әдістемелік жұмысының тақырыбы:

«Мектептің әдістемелік жұмыстарын ұйымдастырып, ғылыми жұмыстарға басшылық жасау».

Мақсаты:

«Мектеп мұғалімдерінің үздіксіз кәсіби дамуына жетекшілік ету арқылы кадрлық әлеуетін арттыру»

Міндеттері:

- Мұғалімдердің оқытудың цифрлық түрін қолдану үлесін арттыру
- мұғалімдердің шығармашылық тақырыбы бойынша жұмыстарын жаңартылған білім беру мазмұнын енгізу бағытында жүргізіп, жаңа форматтағы тапсырмалар жинағын дайындауға көңіл қою;
- күнделікті тәжірибеде Quizizz, Kahoot, Quzle, Padlet, Plikers интерактивті білім беру қосымшаларын қолданатын мұғалімдер үлесін арттыру
- әр бірлестікте инновациялық жобалармен жұмысты енгізуді қолға алу
- педагог-зерттеуші/ педагог-шебер санаттағы мұғалімдермен тәлімгерлік жұмысты сапалы ұйымдастыру арқылы жас маманның сәтті бейімделуіне ықпал ету
- тәлімгерлік аясында бірлескен оқытуды ұйымдастыру және өткізу

Күтілетін нәтижелер:

Мұғалімдерде оқытудың цифрлық түрін қолдану үлесі артады.

- мұғалімдердің жаңа форматтағы тапсырмалар жинағы дайындалады
- күнделікті тәжірибеде интерактивті білім беру қосымшаларын қолданатын мұғалімдер үлесі артады.
- әр бірлестікте инновациялық жобалармен жұмыс жүргізіледі.

Мерзімі	Өткізілетін жұмыс мазмұны	Мақсаты	Жұмыс түрі	Жауапты	Орындалуы туралы
Тамыз	2022-23 оқу жылына арналған жоспарларды қарау, бекітуге ұсыну.	Мектептің жұмыс жоспарына ғылыми-әдістемелік іс-шараларды енгізу.	Жоспарлар-ды құру, қарау, талдау.	ҒӘКО	Жоспар
Қыркүйек	Шығармашылық «Ізденіс» тобының «Жас маман» мектебі, пән бірлестіктердің жұмыс жоспарларын, педагогтардың күнтізбелік-	Шығармашылық топтардың пән бірлестіктердің жұмыс жоспарын, педагогтардың күнтізбелік-тақырыптық жоспарлары, вариативтік бөлігінің курстарының оқу бағдарламаларын ұйымдастыру	Жоспарларды құру, қарау, талдау	Әкімшілік ҒӘК мүшелері Пән мұғалімдері	Жоспар

	тақырыптық жоспарларын, вариативтік бөлігінің курстарының оқу бағдарламаларын қарау, бекітуге ұсыну.				
	«Жыл мұғалімі 2023» байқауы	Мектепшілік байқау	«Жыл мұғалімі 2023» іріктеу	ӘКО	Жоспар
	Педагогтардың білімін жетілдіру бойынша перспективті жоспар құру	Сұраныс жасау	ҚББ сұраныс беру	ДФӘДЖО	жоспар
	Жас мамандарға әдістемелік көмек көрсету «Оқыту үрдісін тиімді ұйымдастыру жолдары».	Сабақтарына қатысып әдістемелік көмек беру	Сабақтарға қатысу	Әкімшілік ДОДЖО Жетписбаева Ж.К. Т.Б.Әлкей	Әдістемелік кеңестер, шешім
	Мектепалды даярлық сынып мұғалімдеріне әдістемелік көмек көрсету.	Мектепалды даярлық жұмысын ұйымдастырылуын қадағалау	Семинар	ДОДЖО Жетписбаева Ж.К. Т.Б.Әлкей	Әдістемелік кеңестер, шешім
Қыркүйек-желтоқсан	«Зейін» жобасы аясында Оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамытуға және алған білімдерін практикада қолдана білуге мүмкіндік беретін тиімді жұмыс тәсілдерін	«Зейін» жобасын жүзеге асыру	Шебер-сынып	ДОДЖО Жетписбаева Ж.К. Пән мұғалімдері	

	қолдану әдістемесі бойынша тәжірибе алмасу мақсатында шеберлік сыныптар өткізу				
Қазан	LS – зерттеу сабақтарының ұйымдастылуы	Пән мұғалімдерінің педагогикалық білім мен тәжірибесін дамыту	Тиімді әдіс тәсілдерді зерттеу, зерделеу	Пән мұғалімдері	шығармашылық топ
	Қашықтан оқыту барысында жаңа ақпараттық-цифрлық технологиялар арқылы (Quizizz, Kahoot, Quzle, Padlet, Plikers) білім мазмұнын жаңарту, Орік. Кz сайтында жұмыс жүргізуді ұйымдастыру	Пән мұғалімдерінің педагогикалық білім мен тәжірибесін дамыту	Тиімді әдіс тәсілдерді зерттеу, зерделеу	Рахметолла Ш Пән мұғалімдері	Әдістемелік кеңестер, шешім
Қазан-ақпан	Оқу-танымдық іс-әрекетті дамыту тәсілі ретінде оқу-жаттығу техникасын арттыру.	Оқу жаттығу техникасы арттыру жұмыстары жандандыру	Баяндама	Динахметова Г. Рысқұл Ә.Қ.	Әдістемелік кеңес отырысы
Қараша	Бірлестік жетекшілерінің жұмыс жоспарларының талапқа сай жүргізілуі	Мектеп құжаттарының талапқа сай жүргізілуін бақылау	Сараптама	ДОДЖО	Әдістемелік кеңес
	«Үздік денешынықтыру оқытушысы» байқауы	Мектепшілік байқау	«Үздік денешынықтыру оқытушысы» байқауына іріктеу	ӘКО	Жоспар
	Әдістемелік кеңес	Пән мұғалімдерінің	«Дөңгелек үстел»	Пән мұғалімдері	Сабақ

	отырысы (критериалды бағалау бойынша) «Қалыптастырушы бағалау – табысқа жету баспалдағы», «Жиынтық бағалау – оқушының білім сапасы»	озық тәжірибесін бөлісу. Жаңартылған білім мазмұнына көшу барысындағы өзекті сұрақтар төңірегінде пікір алмасу. (4,9,10)			барысында жүзеге асыру
	«Педагогикалық идеялар» әдістемелік өнімдер байқауы	Пән мұғалімдерінің озық тәжірибесін бөлісу.	«Педагогикалық идеялар» әдістемелік өнімдер байқауына іріктеу	Пән мұғалімдері	Өнімдер
	«Білім алушылардың жетістіктерін бағалаудың критериалды жүйесі: тәжірибе және проблемалар» тақырыбында отырысы	Критериалды бағалауды жетілдіру.	Коучинг	Г.Бигазина Г.Мұхамеджанов а	
	«Зерде» жобасы аясында «Ізденіс» шығармашылық тобының ғылыми-конференциясы	Мұғалімдердің шығармашылығын дамыту	Ғылыми-конференция	«Ізденіс» ш.т.жетекшісі М.К.Жумабаева	Хаттама Әлеуметтік желі
	СБР қолдануы мен STEAM білім беру деңгейіне талдау	Мұғалімнің кәсіби деңгейін арттыру	Анықтама	Жетписбаева Ж.К. Рахметолла Ш	Әлеуметтік желі ДЖЖ
Қараша-қаңтар	Инклюзивті білім беруді дамыту жағдайындағы білім беру ортасының мазмұнын арттыру	Инклюзивті білім берудің тиімділігі артады	Тренинг	Рысқұл А.Қ. Қарабаева Ф. Төлеген П. (психолог)	Әдістемелік кеңес

	жұмысын ұйымдастырып өткізу				
Желтоқсан -ақпан	Білім беру мазмұнын жаңарту жағдайында оқыту сапасын арттыруға ықпал ететін технологиялық карталарын пайдалануды ұйымдастыру	Білім сапасын арттыру, білім беру тәжірибесін жақсарту	«Lesson Study»Технологиялық карта дайындап баланың дамуын корсетеді	Жетписбаева Ж.К. координаторлар	Әдістемелік кеңес
	Тарих апталығын өткізу				
	Ғылыми математикалық сауаттылық күзиреттіліктерін қалыптастыру жолдары	Білім алушылардың функционалдық сауаттылығын арттыру	Баяндама	МИФ бірлестігі Г.Бигазина	Әдістемелік кеңес
Желтоқсан	Мұғалімдердің ұзақ мерзімді жоспарларының білім беру бағдарламасымен сәйкестігі, қысқа мерзімді жоспарлардың талапқа сай жүргізілуі	Мемлекеттік стандарттың орындалуы	Анықтама	ДОЖО	БЖ отырысы
	«Зерде» жобасы аясында «Ізденіс» шығармашылық тобының ғылыми-конференциясы «Үздік авторлық бағдарлама, Үздік	Пән мұғалімдерінің ғылыми ізденісін арттыру	Ғылыми-конференция	«Ізденіс» тобы	Әдістемелік кеңестер, шешім

	ғылыми жоба»				
Желтоқсан -наурыз	Даму үшін кәсіби шеберлік пен табысты ресурстарды пайдалану жұмыстарын ұйымдастыру.	Білім сапасын арттырады, білім беру тәжірибесін жақсарту	Семинар	Жетписбаева Ж.К. Педагог зерттеуші мұғалімдер	
Желтоқсан	«Болашақ инженерлер» жобасы бойынша мектепшілік сайыстар өткізу	Оқушылар логикалық ойлауларын,дизайнерлік қабілеттерін шыңдау	Сайыс	Рахметолла Ш. Оспанов Ж. Садықанов М.	3Д принтер ден шыққан өнімдер
